

Ардагер жазған кітап

Бүгінде аға буынның алдындағы зор міндеттің бірі өзінің өмірлік тәжірибесін үлгі ете отырып, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу деп білемін. Аллаға тәубе, елімізде өмірден көрген-түйгені көп, айтары бар, салиқалы ой тастар азаматтарымыз баршылық. Республика, облысты былай қойғанда, өз өңіріміздің өркендеуіне саналы ғұмырын сарп еткендердің өзін алайықшы. Олардың жүріп өткен жолы – бүгінгі бақуатты тірлікке әкелген, ертеңгі кемел келешекке бастар жол.

Сондай асыл жандардың бірі – Шамғон Мусин. Жақында ол қалалық «Замандас» ардагерлер клубында өзінің «Что было, то было...» атты жаңа кітабының тұсаукесерін өткізді. Өңірдің мәдениет саласына көп жыл қалтқысыз еңбек еткен Шамғон Шаймарданұлының бұл кітабы естеліктерге толы. Автор жанына жақын, рухы өр, өзі жанындай жақсы көрген адамдары жайлы



тебірене ой толғапты. Өлеңдері де кірген екен кітапқа. Меніңше, бұл - соңынан із қалдырмақты ойлаған әр адамның мақсұты.

Тұсаукесерге жиналған жұрт Шамғон Мусинге деген ізгі лебіздерін жеткізсе, автор өз кезегінде қонақтарға кітабын

сыйға тартты.

Амангелді Сүлейменов,
ардагер
Суретте: Кітап авторы
Шамғон Мусин мен қалалық
ардагерлер кеңесінің
төрағасы
Анатолий Медведев